

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК**  
**ОРТАЛЫҒЫ**

**Балаларға қосымша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын**  
**білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің біліктілігін**  
**арттыру курстары туралы**  
**БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Мамыр, 2015 жыл

Астана қ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша 2015 жылғы 18-27 мамырда «Балаларға қосымша білім беруде оқытудың сапалылығын, қолжетімділігін және тиімділігін қамтамасыз ету» тақырыбында біліктілікті арттыру курсын ұйымдастырып өткізеді.

Курста балаларға қосымша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын қосымша білім беру және жалпы орта мектеп ұйымдарының басшылары мен педагогтері біліктілігін арттырады.

Бағдарламада білім мазмұнын жаңарту жағдайында қосымша білім беру сапасын арттыру, балаларға қосымша білім беруді жетілдіру және әрі қарай дамыту үшін дәрістер мен тәжірибелік сабақтар, шеберлік сыныптар, тренингтер қарастырылған.

Бағдарламаның теориялық блогы – тәжірибеге бағдарланған білім беруге көшу жағдайында педагогикалық іс-әрекетті жетілдіруді, балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың әдістемелік жұмыс тәжірибелерін жалпылауды және таратуды, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуді және ресімдеуді көздейді.

Тәжірибе блогы - бала тұлғасының дамуына бағытталған тәрбие және беру қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі педагогикалық технологияларды ашып көрсетеді, дамыған тұлғаны тәрбиелеудегі басшылар мен педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал етеді.

Дәрістер мен шеберлік сыныптарды өткізу үшін қосымша білім беру саласында еңбек өтілі бар жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, кандидат/доктор ғылыми дәрежесі бар педагог-практиктер тартылатын болады.

Республикалық курстың бағдарламасы қосымша және жалпы орта білім беру ұйымдарының басшыларына білімдерін жаңартуға және кәсіби біліктіліктерін арттыруға, сондай-ақ жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасауға септігін тигізеді.

Курс тыңдаушыларына кәсіби біліктілікті арттыру туралы куәлік берілетін болады.

Қосымша мәлімет алу үшін төмендегі телефонға хабарласуыңызға болады: 8 (7172) 24-93-12; e-mail: aiman.kamzina@mail.ru